

Е.Ө. Райбек^{1*}, Ш.Л. Ерхожина²^{1,2}«SDU University» мекемесі, Қаскелең, Қазақстан
(e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz, shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz)

Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық мәселелері және оны оқытудың жайы

Мақала сөз мәдениетінің қазақ тіл білімінде зерттелуі мен оны оқыту мәселелеріне арналған. Елдер арасындағы әр түрлі қарым-қатынастардың орнауы, білім мен ғылым салаларындағы технологиялардың дамуы әлем халықтарының тіліне өз әсерін тигізуде. Солардың бірі ретінде осылардың тілдік тұлғанының сөз мәдениетіне тигізіп жатқан әсерін айтуымызға болады. Сондықтан мақалада сөз мәдениеті ұғымы зерттеу жұмысының басты нысаны ретінде қарастырылған. Қазіргі таңда сөйлеушінің тілдік дағдыларын дамытуда сөз мәдениетінің орны мен тілдік нормаларды сақтаудағы рөліне, оның білім беру жүйесінде жүйелі түрде оқытылуына тиісті назар аударылмай келеді. Бұл өз кезегінде жаһандандудың қазақ тіліне, оны пайдаланушы тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетіне қаншалықты оң немесе теріс әсер етіп жатқанына мән беру керек екендігін және зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының мақсаты — қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздерді жүйелеп, қазақ тіл біліміндегі концептуалдық тұжырымдарды талдау арқылы сөз мәдениеті ұғымының мазмұнын нақтылау және оны оқытудың тиімді бағыттарын анықтау. Мақалада хронологиялық заңдылық негізінде ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастап, қазіргі кезеңге дейінгі отандық ғалымдардың сөз мәдениетіне қатысты ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік еңбектеріне шолу жасалған. Сөз мәдениетіне қатысты ондаған еңбекке теориялық талдау арқылы салыстырмалы зерттеу жүргізілген. Олардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Мәулен Балақаев, Ісмет Кеңесбаев, Рабиға Сыздық, Нұргелді Уәли, Жанат Дәулетбекова, Жанар Абилхайрова және тағы да басқа ғалым-зерттеушілер ғылыми еңбектері бар. Мақалада қазіргі кезде қазақ тіл білімінде сөз мәдениетінің тарихи қалыптасуы мен оның зерттелуі сөз болады. Теориялық еңбектерді талдау арқылы сөз мәдениетінің қалыптасқан кейбір шешілуі тиіс мәселелері анықталған. Атап айтсақ, термин мәселесі, отандық ғалым-зерттеушілердің сөз мәдениетіне берген анықтамалары мен түсініктері. Сондай-ақ сөз мәдениетін оқыту мәселесіне тоқталып, қазіргі жай-күйі сараланып, оны жоғары мектепте дербес пән ретінде оқытудың маңыздылығы мен қажеттілігі айқындалған. Арнайы эксперименттік жұмыс негізінде білімгерлердің сөйлеу тіліндегі сөз мәдениетіне сай емес ауытқулардың бірнеше түрі (калька сөздер, жаргон сөздер, өзге тілді сөздер) анықталып, оларды сөйлеуде пайдаланудың себебі мен тілде қолданудың сандық-сапалық көрсеткіштері ұсынылған. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі теориялық, әдістемелік зерттеулердің негізінде бірнеше тұжырым жасалып, ұсыныстар берілген. Бұл өз кезегінде алдағы зерттеулерге негіз болады.

Кілт сөздер: қазақ тілі, сөз мәдениеті, тіл мәдениеті, тілдік норма, әдістеме, оқыту.

Kіpіcne

Қазақ тілі — әлем тілдерінің ішіндегі сөздік қорға бай, көркем тілдердің бірі. Бірақ сандық технологиялар мен техниканың дамуы, әлем тілдерінің ғылым мен білім тіліне айналуы ана тіліміздің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік т.б. құрылымын уәжді де, уәжсіз өзгерістерге ұшыратуда. Әдеби көркем тілде сөйлеу жалпы халықтың арасында, әсіресе, жастардың арасында құлдырауға ұшырап жатыр. Мысал ретінде көптілділіктің әсерінен тілде пайда болатын интерференция және интеркаляция құбылыстарын, басқа тілдегі ережелер мен заңдылықтарды қазақ тілінде де сол қалыпта қолдану, калька сөздер және т.б. айтуымызға болады. Тілде кездесетін мұндай кемшіліктерге назар аудармау, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескермеу және тілдің заңдылықтарына бағынбау сөйлеуші тілінің бұзылуына, коммуникация кезінде ойын дұрыс жеткізе алмауына, жалпы алғанда тілдік қалыптың бұзылуына алып келеді. Ал бұл қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай емес. Осыған байланысты тіл мамандарының қазақ тілі мәселелерін жан-жақты зерттеп, оны дұрыс оқыту мәселелеріне ерекше назар аудару керек. Сол арқылы қазақ тілі ғылым тіліне айналып, оның мәртебесінің артуына ықпал етуге болады. Демек жоғарыда аталғандарды ғылыми тұрғыдан зерттеу, олардың тілге теріс әсерін жою қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің негізгісі.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz

Мақалада сөз мәдениетінің теориялық тұрғыдан зерттелуін бірізді хронологиялық ретпен салыстырмалы талдау жасалуы, оны оқытудың мәселелеріне кешенді түрде тоқталып, теория мен тәжірибені байланыстыра отырып зерттелуі жұмысымыздың ерекшелігін көрсетеді. Сонымен қатар теориялық, әдістемелік зерттеулердің жүйеленуі, сөз мәдениетіне қатысты ұғымдардың бірізді пайдаланылмау мәселесінің анықталуы, оның шешу жолының берілуі және сол арқылы сөз мәдениетін оқытудың ғылыми негіздері ұсынылуы мақаламыздың ғылыми жаңалығы болып отыр. Бұл аталған зерттеулер жұмысымыздың практикалық маңызын айқындап, сөз мәдениетін оқытудың жүйесін қалыптастыруға, білімгерлердің сөз қолданысының нормаға сай қолдана алуына мүмкіндік туғызып, тіл мамандарының, зерттеушілердің, ізденушілердің алдағы жұмыстарына пайдасын тигізеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми мақаланың зерттеу деректері ретінде сөз мәдениетін қарастырған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Сөз мәдениетінің теориялық жағынан зерттеген ғалымдар Ф. де Соссюр, В.И. Чернышев, Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Мәулен Балақаев, Ісмет Кеңесбаев, Рабиға Сыздық, Нұргелді Уәлидің, әдістемелік жағынан Жанат Дәулетбекова, Жанар Абилхаированың және т.б. еңбектері талданды. Сол арқылы қазақ сөз мәдениетінің қалыптасу мен даму тарихы сараланды. Әр кезеңдегі ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын салыстыру арқылы олардың ортақ көзқарастары мен айырмашылықтары, қазақ тіл біліміндегі сөз мәдениетінің қазіргі кездегі мәселелері айқындалды. Сөз мәдениетін оқытудың тиімділігін анықтау мақсатында диагностикалық және эксперименттік әдістер арқылы жұмыстар жүргізілді. Бұл өз кезегінде зерттеудің эмпирикалық негізін құрайды.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ тілінде сөйлеуші тұлғалардың әдеби тілдік нормадан ауытқымай, қазақ тілінің ережелері мен заңдарына бағына отырып сөйлеуі қазіргі кезде ерекше маңызға ие.

Аталған ғылым саласы алғаш рет тіл білімінде ХХ ғасырдың басында Ф. де Соссюрдің еңбектерінде қарастырылып, зерттеле бастады [1]. Ал орыс тіл білімінде В.И. Чернышевтің 1911 жылы шыққан «Правильность и чистота русской речи» [2] еңбегінен бастау алады. Екі ғалым да «сөз мәдениеті» немесе «тіл мәдениеті» деген ұғым пайдаланбады, тек аталған саланы зерттеудің негізін қалады.

Қазақ тіл білімінде сөз мәдениеті туралы алғашқы ойлар өткен ғасырдың бірінші ширегінде пайда болып, қазіргі күнге дейін әр түрлі ұғымдар қолданылып келеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде бұл ұғым «сөз дұрыстығы» деп аталған. Ғалым: «Сөз дұрыстығы — әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалыуы. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау, жұрнақты дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек», – дейді [3; 48]. Яғни сөздерге қосымшаларды жөнімен қосу, дұрыс септей отырып, сөйлем құрылымын сақтау және оларды мағынасына сай қолдану керек деген сөз. Өкінішке қарай сөйлеуде ықпал мен үндестік заңына бағынбау, көптік мән беретін сөздерге көптік жалғау жалғау, баяндауыштарды сөйлемнің басына қойып айту немесе жазу, сөздерді жөнсіз пайдалану, өзге тілдерден сөз алу арқылы тілді шұбарлай сөйлеу және т.б. жағдайлар кездесуде. Бұлар — біз қарастырып отырған сөз мәдениеті қарастыратын мәселелер. Қазіргі кезеңдегі сөйлеу мәдениетіміз жайындағы осы аталғандар мәселелер салыстыра алғанда Ахмет Байтұрсынұлының «сөз дұрыстығымен» бірдей екенін көреміз. Демек әр кезеңде де сөз мәдениетіне қатысты жайттар көтеріліп отырады деген сөз.

Ал Құдайберген Жұбанов өзінің «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде «сөз қиыны» (қисыны) ұғымын қолданады. Ғалым сөздің қиыны болу үшін әр сөзді орны-орнына дұрыс қою, бір сөзді екінші бір сөзге байлап беретін жалғауларды дұрыс жалғау сияқты екі шартты атайды [4; 41]. Сонымен қатар сөз мүшелерін қалай болса солай құрай салудың дұрыс еместігін, сөз (сөйлем) болуы үшін сөз мүшелерін белгілі бір тәртіппен орналастыру керектігін тұжырымдайды [4; 65].

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтан кейін сөз мәдениеті туралы ғылыми тұжырым айтқан ғалымның бірі — Ісмет Кеңесбаев. Ғалым «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде аталған жайтты тіл мәдениеті дей келе, оның орфоэпия мен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық нормаларды қарастыратындығын жазады. Ал ғалымның өзі сөз

мәдениетіне орфоэпия, сөздің әуезділігі тұрғысынан тоқталып, зерттеу еңбегінің бір тақырыбын арнайды [5; 102].

Зерттеулерімізден байқағанымыздай еуропаның тіл білімінде, орыс тіл білімінде немесе қазақ тіл білімінде болсын алғашқы сөз мәдениетіне қатысты алғашқы пікірлер бір кезеңде басталғанын көре аламыз. Тек XX ғасырдың екінші ширегінде орыс тіл білімінде «культура речи» ұғымы пайдаланылып, оны кешенді түрде зерттеу қолға алына бастады [6], [7].

Қазақ тіл білімінде теориялық тұрғыдан алғашқы зерттеу Мәулен Балақаевтың «Қазақ тілінің мәселелері» атты еңбегінен бастау алады. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында ғалым өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» [8] еңбегінде «тіл мәдениеті» терминін пайдаланып, оның сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық екендігін алға тартады.

Ең алдымен, ғалым тіл мәдениеті мәселелерін жан-жақты қарастырады. Атап айтқанда, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті, оның ішінде лекторлар мен үгітшілерге қойылатын талаптар, сөзді сазына келтіріп сөйлеу, сөз және шеберлік, жазғанды дұрыс оқу шеберлігі т.б. Сондай-ақ ғалым аталған еңбегінде тіл мәдениетіне (сөз мәдениетіне) нұқсан келтіретін орфографиялық, орфоэпиялық, стильдік қателерге, диалектілік қолданыстарға, профессионализмдер, жаргон сөздерді т.б. сөйлеуде қолдану, мақсатсыз пайдалануға мән береді. Ғалым көрсеткен сөйлеудегі бұл кемшіліктер сөз мәдениетінің негізі болатын тілдік норманы бұзатын мәселелер болып саналады.

1980 жылдарға дейін «сөз мәдениеті» ұғымы «тіл мәдениеті» ұғымы аясында қолданылды. Алайда екеуінің бір ұғым емес екенін, олардың арасында айырмашылықтар бар екенін көрсеткен ғалымдар да жоқ емес. Солардың бірі — Нұргелді Уәлидің зерттеулері. Ол өзінің 1984 жылы жарыққа шыққан «Сөз мәдениеті» [9] атты еңбегінде тіл мәдениетінің сөз мәдениетінен ауқымы кең екенін, қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын, тілді жетілдіру, оны ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік дегенге саяды десе, сөз мәдениетін әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру екендігін айтады. Сонымен бірге бейнелеуіш, көркемдеуіш құралдарды мақсатқа сай пайдалануды осы сөз мәдениеті қарастыратындығын жазады. Ғалым бұл еңбегін «шағын кітапша» деп атаса да, қазіргі кезде қалыптасқан сөз мәдениеті мәселелерін айқындап, жолын салып берген құнды еңбек деп атауымызға әбден болады. Оған тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің аражігін ажыратып көрсетуі, теориялық зерттеулері осы сөзімізге дәлел бола алады.

Ғалым сөз мәдениеті ұғымын сөзді дұрыс қолдану және сөзді бедерлі жұмсау деген екі сатыдан тұратындығын айтады [10; 110]. Демек ол норма ғана емес, ойды мақсатқа сай дұрыс әрі ең тиімді түрде ұғынықты жеткізу деген сөз.

Н. Уәлидің «Сөз мәдениеті» еңбегінің «Сөз жатықтығы» (әдеби тіл нормасы) атты бірінші бөлімінде сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидаларын әдеби тілдік норма деп түсіндіреді [9; 10]. Бұл сөз мәдениетінің негізгі нысаны болып саналатын тілдік норманың мәнін толық түсіндіретін анықтама деуімізге болады. Сонымен қатар ғалым аталған бөлімде сөз жасау жүйесіндегі қосымшаларды, тәуелдік жалғауларды сөздерге дұрыс жалғау, өзгеріске ұшыраған немесе пайда болған сөздерді мағынасына сай дұрыс пайдаланылу, сөздердің варианттылығы мен олардың нормаға сай қолданылуын қарастырады [9; 17]. Біздің пікірімізше, осы аталған мәселелерді зерттеу әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Еңбектің «Сөз байлығы» атты келесі бөлімінде ғалым сөздің байлығына, оның сөз мәдениетіндегі алар орны мен маңыздылығына тоқталады. Ғалымның пікірінше, сөздік қордың аз болуы, сөйлеу кезінде негізсіз ауытқуларға, мақсатсыз қайталауларға алып келеді [9; 45]. Нормаға сай дұрыс сөйлеуде сөздің байлығы маңызды орын алатыны анық. Ал сөз байлығы сөйлеуде мақсатсыз қайталауларға жол бермей, тіл арқылы көрінетін ойымыздың жүйелі, әрі оның анық, дәл болуына әсер етеді. Сөйлеуші өзінің сөзін дұрыс жеткізбеуі, айтар ойын түсіндіре алмауы қазіргі кезде қалыптасқан сөйлеудің негізгі мәселесіне айналды. Сондай-ақ Нұргелді Уәли өзінің еңбегінің келесі бөлімдерінде сөз тазалығы, сөздің дәлдігі, сөздің әсерлілігі, сөз әдеби сияқты мәселелерге орын береді.

Алғашқысын ғалым тіл мәдениетінің қажетті аса маңызды сапаларының бірі деп көрсетеді. Бұл тек сөзімізде бөгде тілдік элементтер болмауы емес, сонымен қатар, әдеби тілімізге өзге тілдерден енген сөздер, тіпті сөз тудырушы қосымшаларға қатыстылығын тұжырымдайды [9; 63].

Сөз дәлдігін сөйлеушінің функционалдық сауаттылығы, яғни сөздердің мағынасын білу мен оны орынды, дұрыс қолданумен, сөздің әсерлігін әдеби тілдің орфоэпиялық ережелерді сақтамай, сөздерді диалектілік сипатта сол қалпына пайдаланумен, сөз әдебін сөйлеудегі тіл этикетімен байланыстырады.

Ал 1987 жылы жарық көрген Т. Қордабаевтың «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» [11] атты еңбегінде ұғымның қолданылуына байланысты мәдениетті тіл, мәдениетсіз тіл болмайтынын, мәдениеттілік те, мәдениетсіздік те сөйлеуде (жазуда) болатындығын айтады. Бұл тұжырымнан біз терминнің мағынасына сай дұрыс қолданылмағандығын көреміз.

Сөз мәдениетін теориялық жағын зерттеген тағы бір белгілі ғалым — Рабиға Сыздық. Ғалымның «Тілдік норма және оның қалыптасуы» атты еңбегі сөз мәдениетінің (ғалым «тіл мәдениеті» деп қолданады) негізгі мәселесі болып саналатын тілдік норманың өлшем-бірліктерін, оның қазақ тіл білімі салаларымен байланысына және түрлеріне арналады. Атап айтсақ, лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормалар, функционалды стильдер, варианттылық, көркем әдебиеттегі сөздің қолданыс пен әдеби тілдік норма және т.б. — қазақ сөз мәдениетінің ортологиялық негіздері. Филолог-ғалым Р. Сыздық 2001 жылы шыққан бұл еңбегінде «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті», «сөйлеу мәдениетінің» қайсысын термин ретінде пайдалану керектігіне тоқталады. Тіл мәдениетін сөздерді морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, орфоэпиялық, орфографиялық, лингвостилистикалық нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру деп түсіндіреді. Яғни ғалым аталған еңбегінде тілдік нормаға қатысты мәселелерді «тіл мәдениеті» ұғымы төңірегінде топтастырғанын көреміз [12].

Сонымен қатар «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) [13], «Әлеуметтік лингвистика сөздігі» (2016) [14], «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында» (2016) [15] «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» терминдерін анықтамалары бір-біріне мағынасы жағынан жақын екенін байқайдық. Соңғысында «сөйлеу мәдениеті» дегенге де алдыңғы екі ұғыммен дәл түсініктіме беріледі. Бұдан біз әлі күнге дейін терминнің бірізді пайдаланылмай жатқанын анықтайдық.

Екі ұғымның бір дәрежеде қолданылуы сол уақытта да, бүгінгі күні де бірде бір мағынада, бірде екі түрлі мағынада қолданылғанымен, аталған құнды еңбектер қазіргі қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін қалыптасқан сөз мәдениетінің тек теориялық зерттеулеріне емес, оның әдістемелік зерттеулеріне де негіз болғандығын атап өткеніміз жөн.

Қазақ тіл білімдегі сөз мәдениетін оқыту да назардан тыс қалмай, ғалым-әдіскерлердің қарастыратын мәселесіне айналды. Сөз мәдениетін оқытудың қолға алынғанына көп болмағанымен атқарылған жұмыстар да жоқ емес. Осы зерттеулердің арқасында бірнеше ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстар, оқулықтар жазылды. Бұл атқарылған жұмыстар сөз мәдениетін оқытуда әлі де жеткіліксіз, себебі өзгермелі заманда сөздік қолданыстар, фразалар да түрленіп сөйлеушінің тіліне әсер етіп отырады. Мысалы, он жыл бұрын ауызша сөйлеуде негізі орыс тіліндегі сөздер қолданылса, қазіргі кезде ағылшын тілді сөздер көптеп пайдаланылуда. Бұл сөз мәдениеті қарастыратын ауызша тіл нормаларына қатыстылығын ескергеніміз жөн.

Сөз мәдениетін оқытуды маңызды мәселе ретінде қарастырып, назар аударған ғалым — Жанат Тұрарбекқызы Дәулетбекова. Ол өзінің ғылым жолындағы еңбегінің көп бөлігін сөз мәдениетін зерттеуге, оның ішінде оқытуға арнады. Ғылыми мақалалар, оқулықтар жазып, білім беру бағдарламалары негізінде сөз мәдениетін оқу процесіне енгізді. Бұл ғалымның атқарған жұмысының маңыздылығы мен құндылығын көрсетеді. Жұмыстың нәтижесі ретінде 2008 жылы докторлық диссертация қорғалды. Докторлық диссертацияда сөз мәдениетін орта мектепте оқытудың ғылым-педагогикалық жүйелеріне, оның ішінде философиялық, психологиялық негіздеріне, дара тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіндегі субъективті қатынастардың сөз мәдениетімен сабақтастығына, дидактикалық ұстанымдарына мән берген [16]. Сол негізде жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін әзірлеп, эксперименттік жұмыстар жүргізіп, нәтижесінде ғылыми еңбек сөз мәдениетін орта мектепте оқытуға арналған құнды еңбекке айналды.

Педагогика ғылымдарының докторы Жанат Дәулетбекова сөз мәдениетін орта мектеп оқушыларына оқытуда дәстүрлі әдістерден бұрын бірінші белсенді, яғни интерактивті әдістерді пайдалануға басымдық беруді көздейді [16]. Ғалым іріктеп көрсеткен проблемалық, жағдаяттық тапсырмалар, пікірталас, іскерлік ойындар т.б. әдістер оқушының сапалық деңгейі мен әрекет мотивтерін, қызығушылығын және құндылыққа бағыттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін айтады [16; 205]. Сабақта интерактивті әдістерді пайдаланғанда көп жағдайда мұғалім бейтарап позицияда болатындығын ескергеніміз жөн. Бұрын білім алушы ақпаратты барынша

нормаланған мәтіндерден алды. Әрине кітаптар мен газет-журналдардағы мәтіндерде де кемшіліктер болғанын мойындауымыз керек. Бірақ өмірдің барлық салаларында «озық технологияларды» пайдалану әсерінен пайда болған сөйлеу тіліндегі қазіргі кемшіліктерге қарағанда ауытқу түрлері біршама аз болды. Ғаламтор мен әлеуметтік желілерді, жасанды интелектіні жаппай пайдалану ақпараттар ағымын арттыруда. Ал бұл ақпараттардың сөз мәдениетіне сай болуын тексеруге мүмкіндік бермейді және тікелей сөйлеу тіліне әсер етіп жатыр. Сол себепті қазіргі уақытта сабақ кезінде тек интерактивті әдістерді пайдалану оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру жолында толық нәтиже бермеуі мүмкін. Аталған жайттарды ескере отырып, сабақ процесінде интерактивті әдістерді пайдаланған кезде мұғалім оқушының сөз мәдениетіндегі кемшіліктерді түзеп отыруы және дұрыс жол көрсете білуі керек деген қорытындыға келеміз.

Әдіскер-ғалым Жанат Дәулетбекова сөз мәдениетін оқыту формаларын дербес, топтық, ұжымдық деп үшке бөліп көрсетеді. Аталған оқыту формаларына негіздей келе, оқушының сөз мәдениетін қалыптастыратын жаттығулар мен тапсырмалардың типологиясын ұсынады. Жаттығуларды тіл дамыту жаттығулары, тіл ұстарту жаттығулары және сөз мәдениеті құралдарын қолдану жаттығулары деп үшке бөледі. Ал қатысымдық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру тапсырмаларын ізденімдік тапсырмалар, проблемалық тапсырмалар және шығармашылық тапсырмалар деп бөледі [16; 234]. Бұдан біз ғалымның жаттығулар мен тапсырмаларды оңайдан күрделіге қарай құрастырып, жүйелегенін көруімізге болады.

Еңбекте ғалым сөз мәдениетін оқыту технологиялары (коммуникативтік, ізгілендіру, жобалау, дамыта оқыту, тұлғалық бағдарлы оқыту, сыни ойлау) мен оқу-танымдық құралдары (кестелер, диаграммалар, ребустар, суреттер, сөзжұмбақтар, ұнтаспалар, интернет) арқылы оқыту нәтижелерін (сөз дұрыстығы, сөз әдебі, сөз шеберлігі) көрсетіп, орта мектеп оқушысының коммуникативті, ақпараттық, проблеманы шешу, мәдени-танымдық күзiретiлiктерiн дамытатындығын модель арқылы көрсетеді. Ұсынылған модель оқушыға сөз мәдениетін оқытуда тиімді деп есептейміз. Себебі сөз мәдениетін оқыту мақсатына сай пән мазмұны жүйеленіп, құрастырылған жаттығулар мен тапсырмалардың тиімділігі эксперименттік жұмыстар негізінде дәлелденген.

Сөз мәдениетін оқытуға қатысты ғылыми-әдістемелік зерттеудің ендігісі 2010 жылы қорғалған Абилхаирова Жанар Айтбайқызының кандидаттық диссертациясы. Бұл диссертация сөз мәдениетіне филолог-студенттерді нысан ретінде алған алқашқы еңбектердің бірі. Ғалым диссертацияның әдістемелік бөлімінде, ең бірінші, сөз мәдениетінде берілетін білімнің мазмұнына назар аударады және оны бес деңгейге бөледі:

1. Пән мазмұнына қатысты жалпы теориялық мағлұмат беру.
2. Оқу пән (мақсаты, құрылымы, басқа пәндермен байланысы және т.б.).
3. Оқу материалы (дидактикалық материалдар, өзіндік жұмыс және өзін-өзі тексеру тапсырмалары).
4. Әрекет кезеңі (білім беруші мен білім алушының бірлескен әрекеті).
5. Оқытудың нәтижесі [17; 62].

Ғалым білімгерлердің сөйлеу мәдениетін жетілдіруде бірізділік ұстанымын ұстанудың, ол үшін оқыту материалдарын үнемі жетілдіріп, білімгерде бар білімнің негізінде тапсырмаларды жеңілден ауызға қарай құрастырудың және сол тапсырмаларды білімгердің өз бетінше орындауы керек екенін айтады [18; 147].

Ғалым пән мазмұнын құрастыруда сабақтастық ұстанымының маңызды екендігін айта келе, оның пән мазмұнын жүйелеуде, бірізді, жеңілден ауырға қарай игертуге мүмкіндік беретіндігіне тоқталады. Расында, сөз мәдениеті тілдік салаларымен тығыз байланысты. Сондықтан сөз мәдениетін тіл білімінің басқа салаларымен сабақтастықта оқыту маңызды болып қала береді. Бұл аталғандардан бөлек тілді оқытқанда сөз мәдениетіне әсер ететін просодиялық белгілерге де (интонация, екпін, ырғақтағы өзгерістер) ескерген жөн. Себебі просодиялық белгілерсіз сөйлеушінің айтар ойы, мәні, мақсаты көрінбейді [19]. Ал бұл сөз мәдениетінің аспектісі болып саналатын «сөздің (ойдың) дәлдігіне» тікелей қатысты.

Сөз мәдениетін оқытуды зерттеген ғалымдар Ж. Дәулетбекова мен Ж. Абилхаированың тапсырмаларды жеңілден ауырға, оңайдан күрделіге қарай құрастыру туралы ойлары бір жерден шығады. Әрине бұл оқушыларға да, білімгерлерге де бірдей тапсырмалар беру деген сөз емес. Керісінше, оқушы мен білімгердің жас ерекшеліктеріндегі алшақтық, білім деңгейінің әр түрлі болуын ескеру, соған сай тапсырмалардың берілуі сөйлеушінің сөз мәдениетін дамыуда маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениетін оқыту маңыздылығы артқан сайын бұл аталған деңгейлер де өзгерістерге ұшырауы әбден мүмкін. Тіпті олардың тиімділігі мен нәтижелігі зерделеніп, болашақта жаңа деңгейлердің пайда болуының ықтималдығы жоғары. Әрине бұған теориялық-әдістемелік зерттеулерді жүйелі жүргізумен қол жеткізуге болады.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Жанар Айтбайқызы тіл білімінің басқа салаларын оқытудағы сияқты тіл мәдениеті негіздері пәнін дәріс, СОӨЖ, СӨЖ арқылы оқытуды құптайды. Сонымен қатар ғалым проблемалық семинар, тақырыптық семинар, танымдық семинарлардың тиімділігіне тоқталады. Біздің бұларға алып қосарымыз дәріс, семинар сабақтарынан бөлек, практикалық сабақтарды да қосу. Ол арқылы білім алушылардың теориялық білімдерін практикамен бекітуге, сол арқылы олардың тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік аламыз. Соңғы жылдарда ЖОО-на берілген академиялық еркіндіктің бар екенін ескерсек, пән мазмұнын одан әрі дамытуға, өзгерістер енгізуге әбден болады. Бұл пәнді мазмұндық жағынан ғана емес, құрылымдық жағынан жүйелеуге көмектеседі.

Сөз мәдениетін оқытуға қатысты жоғарыда аталған барлық ғалымның еңбектері өзгермелі заманда үнемі өзгеріп отыратын тілдік мәселелерді шешуге аздық етеді. Сондықтан жоғары білім беретін оқу орындарында сөз мәдениетінің оқытылуына мән беру керек. Сөз мәдениеті қазірге дейін бірде жеке пән ретінде оқытылса, бірде басқа пәндердің ішінде қарастырылып келеді. Бірақ тілімізді нормадан тыс өзгерістерге ұшыратып жатқан факторларды ескере келе, сөз мәдениеті өз алдына жеке, әрі толық пән ретінде қалыптасуы керек деген тұжырымға жасауға болады. Алайда оның басқа тіл білімі салаларымен тығыз байланысты екенін ұмытпауымыз шарт. Толық пән ретінде қалыптастырумен қатар, оның мазмұнын қазіргі тілдік жағдайға бейімдеп, әдістемелік тұрғыдан одан әрі жетілдіру керек. Бұл жұмыс, ең алдымен, қазіргі кезде тілде қалыптасқан әр түрлі ауытқуларды, нормадан тыс қолданыстарды анықтап алу басталады. Аткарылуы тиіс көп жұмыстың бастауы ретінде және жоғарыдағы мақсатқа сай «SDU University» мекемесінде эксперименттік жұмыс жүргізілді. Экспериментке «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ-ның 3-курс студенттері қатысты. Экспериментке қатысушылардың саны — 68. Аталған мақсат сай төмендегідей бірнеше міндеттер қойылды:


- білімгер тіліндегі кездесетін калька сөздерді табу;
- калька сөздерді сөйлеуде қолданудың себебін анықтау;
- сөз мәдениетіне сай емес қолданыстарды анықтау;
- эксперимент нәтижесін ұсыну.

Әрине бұл міндеттер сөз мәдениетін дұрыс оқытудың толық шешімі емес, тек бастапқы қадамдары екенін айтып өткеніміз жөн. Алайда әлі толық қалыптаспаған сөз мәдениетін оқытудың әдістемесінің дұрыс бағытқа өзгеруіне ықпал ететін әрекет.

Анықтауыштық эксперимент кезеңінде студенттердің сөйлеу тілінде кездесетін калька сөздердің жиілігін анықтау мақсатында білімгерлердің сөйлеу тіліне диагностикалық талдау жүргізілді.


1-суретте анықтауыштық эксперименттің нәтижесі көрсетілген. Экспериментке қатысқан 68 студенттің 49-ы немесе 72 пайызында сөйлеу кезінде калька сөздерді пайдаланатының анықтадық. Ал оларды «не үшін пайдаланасыз?» деген сұраққа, 27 студент «қате екенін білмедім» десе, 16 студент «әдетке айналып кетті» деп жауап берген. Ал қалған 6 студент маңызды деп ойламағандығын айтты.

Зерттеуші ғалымдар калька сөздердің екі түрін көрсетеді. Біріншісі — лексикалық калька болса, екіншісі — құрылымдық калька [20]. Осылардың ішінде респонденттердің сөйлеу тілінде лексикалық калькалардың көптеп кездескенін анықтадық. Мысалы, «болып табылады», «туған күніңмен», «үлкен рақмет», «тірі дауыс», «мен ойлаймын» және т.б. Сонымен қатар бұл калька сөздердің пайда болуына орыс тілінің әсер еткенін байқауымызға болады.



1-сурет. Анықтаушы эксперимент нәтижесі: калька сөздерді қолданушы студенттердің саны

2-суретте студенттердің сөйлеу тіліндегі калька сөздермен қоса, жаргон және өзге тілдегі сөздерді қолданудың көрсеткішін көруімізге болады. Респонденттер сөйлеу кезінде калька, жаргон, өзге тілдегі сөздерді үнемі түрлі деңгейде қолданатынын анықтадық. Ал сандық көрсеткіштер 1-кестеде берілген. Одан біз білімгерлердің сөйлеуі сөз мәдениетіне сай емес деген тұжырымға келе аламыз.



2-сурет. Эксперимент нәтижесі: студенттердің сөйлеу тіліндегі қолданыстар көрсеткіші

1 - к е с т е

Студенттердің сөз қолданысы көрсеткіші

Қолданыстар	Өте көп деңгейде қолдану	Орташа деңгейде қолдану	Аз деңгейде қолдану	Мүлде қолданбау
Калька сөздер	46	15	7	0
Жаргон сөздер	28	24	16	0
Өзге тілдің сөздері	68	0	0	0

Студенттердің сөйлеу тіліндегі сөз қолданыстары эксперимент нәтижесі көрсеткендей калька сөздерден басқа да қолданыстардың көрсеткіші анықталды. Ең көп қолданыстар қатарына өзге тілдегі (орыс, ағылшын) сөздердің қазақ тіліне араластыра қолданудың дағдыға айналғанын байқатты. Оған

басқа да зерттеулер дәлел бола алады. Онда экспериментке қатысқандардың 52 %-ы күнделікті ауызша сөйлеу тілінде ағылшын тіліндегі сөздерді пайдалатынын көрсеткен. Оның себебі ретінде сөйлеуде әдетке айналғандымен және заманға сай болу үшін деп көрсетеді [21]. Тілде осындай шет тілді сөздерді көп пайдалану кейде сөздік қорымызды толықтырғанымен, көп жағдайды тілімізді бұзып, шұбарландырады. Ондай жағдай орын алмас үшін, шет тілінің сөздері жоқ дегенде қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай икемделуі шарт. Өкінішке қарай, қазақ тіліне кіріп жатқан шет тілді сөздер орыс тіліне енгендей ассимиляцияланбайды [22].

Ендігі бір зерттеу нәтижесінде де жастар қазақ тілінде сөйлегенде «шұбалыңқы» және «қате сөйлейтінін» көрсеткен [23].

Қазақ тілін шұбарламай таза сөйлейтін студенттің болмауы — өте қынжылтатын жайт. Сөз мәдениетіне кездесетін мұндай кемшіліктер көркем әдеби шығармаларды аз оқудан, ортаның ықпалынан және әлеуметтік желілердің әсерінен болып отыр [24]. Бұл жағдайды қазақ тілінің болашағына келетін қауіп деп санауымызға болады. Сол үшін ауызша сөйлеуде тілдің ортологиялық (норма) дағдыларын дұрыс қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамытудың тиімді жолдарын қарастыру өзекті болып отыр. Жаһандандудың әсерінен тілімізге келетін қауіпті болдырмау және оның алдын алу мақсатында тың ізденістер арқылы сөз мәдениетін оқытудың жаңашыл әдістемесін жасауды өз мақсатымызға қосып отырмыз.

Сөйлеу кезінде сөз мәдениетінің сақталуы тек калька, жаргон сөздерге қатысты емес екенін ескергеніміз жөн. Оған лексикалық, грамматикалық, стилистикалық және т.б. нормаларды сақтау да жатады [25].

Барлық ғылым салалары заманға сай өзгерістерге ұшырап жатқанда, білім беруде, әсіресе, тілді, оған қатысты салаларды оқытуда бұрынғы қалыпты сақтап қалу тежеуге алып келеді. Мысалы, ЖОО-дағы пән атауынан бастап, оның мазмұнының бірізділігінің болмауы, жоғары мектепте пәнді оқыту әдіс-тәсілдерінің жүйеленбеуі немесе ескіруі. Яғни ғылыми-теориялық, әдістемелік мәселелердің шешілмеуі сөз мәдениеті ұғымының, пән атауы («Тіл мәдениеті», «Сөз мәдениеті») мен мазмұнының бірізді болмауына әсер етуде. Бұл сөз мәдениетін теориялық жағынан ғана емес, оны оқыту мәселелерімен бірге тұтас алып қарастырып, зерттеу керек дегенге саяды.

Ғалымдардың осы аталған пікірлерін, тұжырымдары мен анықтамаларын, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерін зерделей келе, бірнеше қорытынды тұжырым жасауға болады:

1. Еуропа, орыс, қазақ тіл білімінде сөз мәдениетін зерттеу бір кезеңде жүзеге аса бастады.

2. 2-кестеден біз қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың ұсынған терминдерін көре аламыз. Біз қарастырған барлық еңбектерді зерделей келе, «сөз мәдениетін» «тіл мәдениеті» ұғымының аясында жиырма бірінші ғасырдың алғашқы он жылдығына дейін қарастырғанын байқауымызға болады. Десек те ғылыми еңбектер мен мақалаларда терминді пайдалануда бірізділік жоқ. Бұл сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық жағынан әлі де зерттеу керек екенін көрсетеді. Тиісінше ғылыми-әдістемелік зерттеулерді де жүргізу шарт.

2 - кесте

Ғалымдардың ұсынған термині

Ахмет Байтұрсынұлы	«сөз дұрыстығы»
Құдайбергелі Жұбанов	«сөз қиыны»
Ісмет Кеңесбаев	«тіл мәдениеті»
Мәулен Балақаев	«тіл мәдениеті»
Нұргелді Уәли	«сөз мәдениеті» («тіл мәдениеті» қолданысы да кездеседі)
Рабиға Сыздық	«тіл мәдениеті»
Сөздіктер	«тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті», «сөйлеу мәдениеті»

3. Ахмет Байтұрсынұлының «сөз дұрыстығы» туралы пікірі өзінен кейінгі ғалымдардың қазақ тіл біліміндегі «сөз мәдениетіне» қатысты тұжырымдарына негіз болды және «сөз дұрыстығы» ұғымы «сөз мәдениеті» ұғымымен мағыналас.

4. Мәулен Балақаевтың сөз мәдениетін тіл мәдениеті бірлігінде қарастырады. Ал Нұргелді Уәлидің еңбектерінде екі ұғым ретінде көрсетіледі. Яғни ғалым «сөз мәдениеті» мен «тіл мәдениеті» ұғымдарының ара жігін ажыратып, бөлек-бөлек анықтама береді. Демек бұдан біз «сөз мәдениеті» мен «тіл мәдениетінің» екі түрлі термин, екі түрлі бағыт екенін көре аламыз.

5. Кейбір теориялық мәселелердің шешілмеуі сөз мәдениетін оқытуда да шатасуларға ұшыратуда.

6. Пән мазмұны мен оны оқытуда осы уақытқа дейін қалыптасқан лингводидактикалық зерттеулерге негіздей отырып, заманға сай өзгертулер енгізу қажет.

Қорытынды

Қазақ тіл білімінде «тіл мәдениеті» және «сөз мәдениеті» ұғымдарының бірізді пайдаланылмауы сөз мәдениеті теориясының өзекті мәселесіне айналғанын байқауымызға болады. Оны сөз мәдениетін теориялық-әдістемелік тұрғыдан зерттеген ғалым-зерттеушілердің еңбектерінен саралау арқылы көз жеткіздік. Аталған ұғымның ара-жігі ажыратылмай, тіл мен әдебиетте бір деңгейде қолданылуы, сөз мәдениеті саласын зерттеуде, оны дамытуда әлі де шатастыруларға ұшыратуда. Бұл сөз мәдениеті саласы дамымады деген сөз емес. Керісінше оны әр кезеңдерде зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері арқылы дамытуға мүмкіндік алатынымызды атап өткеніміз жөн. Нұргелді Уәлидің «тіл мәдениеті» мен «сөз мәдениеті» ұғымдары арасындағы айырмашылықты айқындауы сол дамудың негізгі бағыты екені анық. Жоғарыда сөз мәдениеті мәселелері аталған саланы теориялық, әдістемелік жағынан дұрыс қалыптастыруға, одан әрі жетілдіруге кедергі келтіріп жатқанын айтып өттік. Сондықтан сөз мәдениетіне қатысты бірнеше мәселені шешу маңызды. Олардың қатарына «сөз мәдениеті», «тіл мәдениеті» ұғымдарына нақты ғылыми анықтама беру, жоғары оқу орындарында «Сөз мәдениеті», «Тіл мәдениеті» пәндерін атауын, мазмұнын біріздендіру және тіл мен әдебиет қарастыратын мәселелерін бөлу, лингводидактикалық зерттеулерге назар аударып, заман талаптарына сай оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруді жатқыза аламыз. Осы арқылы сөйлеу (ауызша, жазбаша) кезінде пайда болатын немесе пайда болған мәселелердің шешімін табуға болады. Ал бұл өз кезегінде, аталған саланы теориялық-әдістемелік тұрғыдан одан әрі зерттеуге негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Де Соссюр Ф. Курс общей лингвистики / Ф. Де Соссюр — Екатеринбург: Урал. ун-та, 1999. — 432 с.
- 2 Чернышев В. Правильность и чистота русской речи: опыт русской стилистической грамматики / В. Чернышев — Санкт-Петербург: Тип. М. Меркушева, 1914. — 264 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Алаш, 2003. — 1-том. — 408 б.
- 4 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Қ.Қ. Жұбанов; құраст.: Ғ. Әнес. — Алматы: Абзал-Ай, 2013. — 640 б.
- 5 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері / І. Кеңесбаев; құраст.: Ғ. Әнес. — Алматы: Абзал-Ай, 2014. — 640 б.
- 6 Винокур Г. Культура языка: Очерки лингв. технологии / Г. Винокур. — Москва: Работник просвещения, 1925. — 216 с.
- 7 Обнорский С. Очерки по истории русского литературного языка / С. Обнорский. — Ленинград: Изд-во Академий науки ССР, 1946. — 200 с.
- 8 Балақаев М.Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері / М.Б. Балақаев. — Алматы: Зият Пресс, 2004. — 140 б.
- 9 Уәлиев Н.М. Сөз мәдениеті / Н.М. Уәлиев. — Алматы: Мектеп, 1984. — 75 б.
- 10 Уәлиев Н.М. Қазақ дәстүрлі сөзсаптамасы: тілтанымдық үздіктер / Н.М. Уәлиев. — Алматы: Қазақ тілі, 2020. — 208 б.
- 11 Қордабаев Т.Р. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары / Т.Р. Қордабаев. — Алматы: Мектеп, 1987. — 124 б.
- 12 Сыздықова Р.Г. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы): көптомдық шығармалар жинағы / Р.Г. Сыздықова — Алматы: Ел-шежіре, 2014. — 291 б.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы — Алматы: Тіл білімі инст., 2011. — 13-том. — 752 б.
- 14 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі / А. Абасилов — Алматы: Асыл кітап, 2016. — 168 б.
- 15 Итеғұлова С.А. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / С.А. Итеғұлова, А.Қ. Қожахмет — Алматы: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016. — 150 б.

- 16 Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. д-ры ... дис. / Ж.Т. Дәулетбекова — Алматы: Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті, 2008. — 290 б.
- 17 Абилхаирова Ж.А. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. / Ж.А. Абилхаирова — Алматы: Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті, 2010. — 132 б.
- 18 Абилхаирова Ж.А. Студенттердің сөз мәдениетін жетілдірудің дидактикалық негіздері / Ж.А. Абилхаирова // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. — 2015. — № 2. — 145–148-б.
- 19 Kuuluvainen S. Prosody enhances learning of statistical dependencies from continuous speech streams in adults / S. Kuuluvainen, S. Kaskivuo, M. Vainio, E. Smalle, R. Möttönen // Cognition. — 2025. — № 262. — P. 1–18. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2025.106169>
- 20 Giaber J. Lexical Calque as a Secondary Term-formation Method Framing Cognition in the Target Language / J. Giaber // International Journal of Arabic-English Studies. — 2024. — No. 2. — P. 73–102. <https://doi.org/10.33806/ijaes.v24i2.591>
- 21 Жусубалина Ж.М. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөз мәдениеті мәселесі / Ж.М. Жусубалина, Б.М. Тлеубердиев // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2023. — № 1 (127). — 138–139-б. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.11>
- 22 Ауғанбаева М.С. Жастар сленгтеріндегі англицизмдер / М.С. Ауғанбаева, Е. Алқая, Г.Б. Мамаева // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2024. — № 1 (131). — 191-б. <https://www.doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.16>
- 23 Күдерінова Қ. Көптілді қазақ жастары және мемлекеттік тіл / Қ. Күдерінова, Ж. Байтелиева, Ж. Дүйсебекова // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2022. — № 1 (105). — 42-б. <https://doi.org/10.31489/2022ph1/36-45>
- 24 Ауғанбаева М.С. Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері / М.С. Ауғанбаева, Г.Б. Мамаева // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2025. — № 1. — 182-б. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17>
- 25 Сайт журнала «Гуманитарные и юридические исследования» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-ponyatiya-ya-kultura-rechi-v-issledovaniyah-otechestvennyh-uchenyh/viewer>

Е.О. Райбек, Ш.Л. Ерхожина

Научно-теоретические проблемы казахской культуры речи и ее преподавания

Статья посвящена изучению культуры речи в казахском языкознании и вопросам её преподавания. Установление многообразных международных связей, а также развитие технологий в области образования и науки оказывают влияние на языки народов мира. Одним из проявлений этого влияния является воздействие языковой личности на речевую культуру. В связи с этим основным объектом исследования в статье выступает понятийный аппарат «культура речи». В настоящее время вопросам речевой культуры, соблюдению языковых норм, а также систематическому обучению этим аспектам в образовательной системе не уделяется должного внимания. Это подчёркивает актуальность исследования и указывает на необходимость осмысления степени влияния глобализации (положительного или отрицательного) на казахский язык и речевое поведение языковой личности. Цель исследования — систематизировать научно-теоретические основы культуры казахской речи, проанализировать концептуальные подходы в казахском языкознании, уточнить содержание понятия «культура речи» и определить эффективные направления ее преподавания. В статье по хронологическому принципу рассматриваются научно-теоретические и научно-методические труды отечественных учёных, посвящённые вопросам культуры речи — начиная с первой половины XX века и до настоящего времени. Сопоставительное исследование проводится на основе теоретического анализа десятков научных работ, в том числе трудов таких исследователей, как Ахмет Байтұрсынұв, Құдайбергін Жұбанов, Маулен Балақаев, Исмет Кенесбаев, Рабига Сыздық, Нургельды Уали, Жанат Дәулетбекова, Жанар Абилхаирова и др. В статье также рассматривается историческое становление и современное состояние изучения культуры речи в казахском языкознании. На основе анализа теоретических источников выявлены нерешённые вопросы, связанные с культурой речи — в частности, проблемы терминологии, определений и трактовок понятия «культура речи», предлагаемых отечественными исследователями. Кроме того, анализируется состояние преподавания культуры речи, подчёркивается значимость данного курса как самостоятельной дисциплины в системе высшего образования. В рамках специально организованного экспериментального исследования выявлены отклонения от норм речевой культуры в устной речи студентов (кальки, жаргонизмы, заимствованные слова), проанализированы причины их употребления, представлены количественные и качественные характеристики. На основе проведённого анализа делаются выводы и формулируются рекомендации, которые могут быть использованы в дальнейших научных разработках в области казахского языкознания.

Ключевые слова: казахский язык, культуры языка, культуры речи, методика, языковая норма, преподавания.

Scientific and theoretical issues of Kazakh speech culture and the state of its pedagogical implementation

The article is devoted to the study of speech culture in Kazakh linguistics and the issues related to its teaching. The establishment of diverse international connections, as well as the development of technologies in the fields of education and science, influence the languages of the world's peoples. One manifestation of this influence is the impact of linguistic personality on speech culture. In this regard, the main object of research in the article is the conceptual framework of "speech culture". At present, issues of speech culture, adherence to language norms, and systematic instruction in these aspects within the education system are not given sufficient attention. This highlights the relevance of the study and indicates the need to reflect on the extent of globalization's impact — whether positive or negative — on the Kazakh language and the speech behavior of the linguistic personality. The purpose of the study is to systematize the scientific and theoretical foundations of Kazakh speech culture, analyze conceptual approaches in Kazakh linguistics, clarify the content of the concept of "speech culture" and determine effective directions of its teaching. The article chronologically examines scientific-theoretical and scientific-methodical works of domestic scientists. The article examines, in chronological order, the scientific-theoretical and scientific-methodological works of domestic scholars dedicated to issues of speech culture — from the first half of the 20th century to the present. The comparative study is based on a theoretical analysis of dozens of scientific works, including those by researchers such as Akhmet Baitursynov, Kudaybergen Zhubanov, Maulen Balakaev, Ismet Kenesbayev, Rabiga Syzdyk, Nurgeldy Uali, Zhanat Dauletbekova, Zhanar Abilkhairova, and others. The article also addresses the historical development and current state of the study of speech culture in Kazakh linguistics. Based on the analysis of theoretical sources, unresolved issues related to speech culture have been identified — particularly problems concerning terminology, definitions, and interpretations of the concept of "speech culture" as proposed by domestic researchers. Furthermore, the state of teaching speech culture is analyzed, emphasizing the importance of this course as an independent discipline within the higher education system. Within the framework of a specially organized experimental study, deviations from the norms of speech culture in students' oral speech (calques, jargonisms, borrowed words) were identified, the reasons for their usage were analyzed, and quantitative as well as qualitative characteristics were presented. Based on the conducted analysis, conclusions are drawn and recommendations are formulated, which can be utilized in further scientific research in the field of Kazakh linguistics.

Keywords: Kazakh language, language culture, speech culture, methodology, language norm, teaching.

References

- 1 De Saussure, F. (1999). *Kurs obshchei lingvistikii* [Course of General Linguistics]. Ekaterinburg: Uralskogo universiteta [in Russian].
- 2 Chernyshev, V. (1914). *Pravilnost i chistota russkoi rechi: opyt russkoi stilisticheskoi grammatiki* [Correctness and Purity of Russian Speech: An Experience of Russian Stylistic Grammar]. Saint Petersburg: Tipografiia M. Merkusheva [in Russian].
- 3 Baitursynuly, A. (2003). *Bes tomdyq shygarmalar zhinagy: 1-tom* [Collected Works in Five Volumes: Volume 1]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 4 Zhubanov, K.K. (2013). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems in Kazakh Linguistics]. G. Anes (Comp.). Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].
- 5 Kenesbayev, I. (2014). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems in Kazakh Linguistics]. G. Anes (Comp.). Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].
- 6 Vinokur, G. (1925). *Kultura yazyka: Ocherki lingvisticheskoi tekhnologii* [Language Culture: Essays on Linguistic Technology]. Moscow: Rabotnik prosveshcheniia [in Russian].
- 7 Obnorskii, S. (1946). *Ocherki po istorii russkogo literaturnogo yazyka* [Essays on the History of the Russian Literary Language]. Leningrad: Akademii nauki SSR [in Russian].
- 8 Balakaev, M.B. (2004). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh Linguistics]. Almaty: Ziiat Press [in Kazakh].
- 9 Ualiev, N.M. (1984). *Soz madenieti* [Speech Culture]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 10 Ualiev, N.M. (2020). *Qazaq dasturli sozsaptamy: tiltanyndyq uzdikter* [Kazakh Traditional Discourse: Selected Linguistic Insights]. Almaty: Qazaq tili [in Kazakh].
- 11 Kordabayev, T.R. (1987). *Qazaq til biliminin qalyptasu, damu zholdary* [The Formation and Development of Kazakh Linguistics]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 12 Syzdyqova, R.G. (2014). *Tildik norma zhane onyn qalyptanuy (kodifikatsiiasy): Koptomdyq shygarmalar zhinagy* [Linguistic Norm and Its Formation (Codification): Collected Works in Multiple Volumes]. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 13 Fazylzhanova, A., Ongarbaeva, N., & Gabitkhanuly, K. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi: On bes tomdyq. 13-tom* [Dictionary of the Kazakh Literary Language: Fifteen Volumes. Volume 13]. Almaty: Til bilimi instituty [in Kazakh].

- 14 Abasilov, A. (2016). *Aleumettik lingvistika sozdigi* [Dictionary of Sociolinguistics]. Almaty: Asyl kitap [in Kazakh].
- 15 Itegulova, S.A., & Kozhakhmet, A.K. (2016). *Qazaq adebi tilinin anyqtamalygy* [Reference Guide to the Kazakh Literary Language]. Almaty: Sh. Shaiakhmetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyq uilestiru-adistemelik ortalygy [in Kazakh].
- 16 Dauletbekova, Zh.T. (2008). Zhalpy bilim беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-адистемелік негіздері [Scientific and Methodological Foundations for Teaching Speech Culture in Kazakh Language in General Secondary Schools]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 17 Abilkhairova, Zh.A. (2010). Filolog-studentterdin til madenietin zhetildiru adistemesi [Methods for Improving the Language Culture of Philology Students]. *Doctor's thesis* Almaty [in Kazakh].
- 18 Abilkhairova, Zh.A. (2015). Studentterdin soz madenietin zhetildirudin didaktikalyq negizderi [Didactic Foundations for Improving Students' Speech Culture]. *Qazaqstannyn gylmy men omiri — Science and Life of Kazakhstan*, 2, 145–148 [in Kazakh].
- 19 Kuuluvainen, S., Kaskivuo, S., Vainio, M., Smalle, E., & Möttönen, R. (2025). Prosody enhances learning of statistical dependencies from continuous speech streams in adults. *Cognition*, 262, 1–18. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2025.106169>
- 20 Giaber, J. (2024). Lexical calque as a secondary term-formation method framing cognition in the target language. *International Journal of Arabic-English Studies*, 2, 73–102. <https://doi.org/10.33806/ijaes.v24i2.591>
- 21 Zhusubalina, Zh.M., & Tleuberdiev, B.M. (2023). Bukaralyq aqqarat quraldaryndagy soz madenieti maselesi [Issues of Speech Culture in Mass Media]. *Yasawi universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University*, 1(127), 138–139 [in Kazakh]. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.11>
- 22 Auganbaeva, M.S., Alkaia, E., & Mamaeva, G. B. (2024). Zhastar slengterindegi anglitsizmder [Anglicisms in Youth Slang]. *Yasawi universitetiniñ*

Information about the authors

Raibek Yerkegali Omirzakuly — Senior Lecturer, PhD Doctoral student, SDU University, Kaskelen, Kazakhstan; e-mail: yerkegali.raibek@sdu.edu.kz

Yerkhozhina Shattygul Lesbekkyzy — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, SDU University, Kaskelen, Kazakhstan; e-mail: shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz